



# Ақмешіт

8 маусым  
сенбі

№45 (2055)

2024 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев  
қаладағы бірқатар құрылыс  
нысандарын аралап, жұмыс  
барысымен танысты.



### ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ҚЫЗЫЛОРДА

Аймақ басшысы алдымен құрылысы былтыр басталған «Қорқыт Ата» халықаралық әуежайының жаңа терминалына барды. Түрік компаниясы құрылысын жүргізген әуежайдың бүгінде жергілікті бюджеттен 4,3 миллиард теңгеге сыртқы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым толық жүргізілген. Ал абақталдыру жұмыстарын «Сат-Сервис» ЖШС мекемесі қолға алған. Қазіргі таңда терминал аумағында орындықтар, жарық шамдар орнатылып, асфальт жабыны мен тас төселген. Сонымен қатар көгалдандыру жұмыстары да қолға алынған. Жуырда облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы мен терминалдың тапсырыс берушісі «Accent Development Solutions» ЖШС мекемесі арасында қабылдау-беру актісі жасалып, қол қойылған еді. Маусым айының ортасына дейін бітеді деп жоспарланған абақталдыру жұмыстары аяқталса әуежай терминалы ел игілігіне берілімек. Бұл ретте аймақ басшысы қаланың әуе қапқасының тазалығы мен көркемдігіне баса назар аударуды, барлық жұмысты сапалы әрі уақытылы жүргізуді тапсырды.



Бүгінде қаланың сол жағалау аумағы қарқынды құрылыс алаңына айналған. Облыс орталығындағы бірқатар маңызды әлеуметтік нысандар осы маңайда бой көтеруде. Аймақ басшысы ондағы құрылыс жұмыстарын да бағамдады. Қазір сол жағалауда жайлы мектеп, оқушылар үйі, теннис орталығы сынды нысандардың іргесі қаланған. Бұдан бөлек 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернатының, 650 орындық заманауи үлгідегі музыкалық колледж құрылысы қарқынды жүргізілуде. Жалпы құны 4,8 миллиард теңге болатын соңғы жоба тамыз айында пайдалануға берілімек.



Сонымен бірге қаланың орталығы қарқынды құрылыс алаңына айналды. Әлеуметтік салаға қажетті заманауи үлгідегі нысандардың бірқатары бүгінде пайдалануға берілген. Алдағы уақытта тағы бірнеше нысан өз қызметін бастайды деп жоспарлануда. Қаладағы құрылыс жұмыстарымен танысқан аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев қала әкімі Серік Қожаниязов пен жауапты басқарма басшыларына барлық нысандағы құрылыс жұмыстарының сапасын тұрақты қадағалауды тапсырды.

«Ақмешіт-ақпарат»

Баспасөз-2024

**АҒАЙЫН,  
«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»  
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2024 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүрде.  
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төрінде тұрсын!  
Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.  
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:  
40-05-81, 70-14-08.

## ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРАТЫН ИДЕЯ

Әділетті Қазақстан ұғымын қалай қабылдап жүрміз? Жалпы әділдік сөзінің мәні қандай? Әділдік іздеген қоғам нені талап етеді?

Осы аптада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің «Бірлік пен даму. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси бағдарының басты негіздері» атты мақаласы «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланды. Мақалаға арқау болған да Әділетті Қазақстанның бүгінгі жолы. «Әділетті Қазақстанның мәні неде?» деген сұраққа жауап берген бұл мақалада әділдікті ұстаным еткен мемлекеттің бұл идеясы жай айтыла салған сөз емес, қоғамның сұранысы да, ұлтты ұйыстыратын идея екенін атап көрсетті. «Әділдік идеясы қоғамның сұранысына да, мемлекеттің ұстанымына да сай келеді. Яғни «Әділетті Қазақстан» ұлтты ұйыстыратын идеяға айналды. Осы орайда «Әділдік» және «Әділетті мемлекет» деген терминдердің мән-мағынасын нақтылай кеткен жөн. Әділдік дегеніміз – бәрін бір қалыпқа салып, теңестіру емес. Әділдік – ең алдымен құқықтар мен міндеттерді бәріне бірдей болу деген сөз. «Әділдік» ұғымын дәл осылай ұғынып, түйсіну қажет. Ол барлық реформаның өн бойында тұр» деп атап көрсетеді.



С О Н Ғ Ы жылдары мемлекеттік деңгейдегі көптеген шешім осы әділдік идеясына орай қабылданып келе жатқанын атап айтқан Мемлекеттік кеңесші бұл орайда 2022 жылы жүргізілген конституциялық реформа аясында халықтың жерге және оның қойнауындағы байлыққа, жануарлар және өсімдіктер әлеміне, сондай-ақ басқа да табиғи ресурстарға қатысты меншік құқығы Ата заңда бекітілгенін, бұл қағида іс жүзінде «Ұлттық қор – балаларға», атты бағдарламаның жүзеге асуын, кезінде заңсыз алынған, жалпы сомасы 1 трлн теңгеден аса активтердің елге қайтарылғанын, пайдаланылмай жатқан 5 млн гектардан астам жердің мемлекет меншігіне өткізінін, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының құрылғаны, «Самұрық-Қазына» қорының таза табысының кемінде 7 пайызы жыл сайын осы қордың есепшотына аударыла бастағанын мысал етіп көрсетеді.

Мақаланың «Жаңа идеологиялық тұғырлама» деп аталатын екінші бөлімінде

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылдан бері жүргізіп келе жатқан «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасында көрініс тапқан бес тұжырымды атап көрсетеді. «Әртүрлі пікір – біртұтас ұлт», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Заң және тәртіп», «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» «Адал азамат» секілді бес тұжырымы ел дамуына серпін беретін, қоғамның рухани бірлігін нығайта түсетін құндылықтарды дәріптеу екенін көрсетеді.

Мемлекеттік кеңесші бұл мақалада қоғамда жиі айтылып калатын, көп талқыланатын сұрақтарға жауап береді. «Кейде «Реформалар нәтижесі қайда? Уәде етілген өзгерістер қайда? Жаңа Қазақстанның түрі осы ма?» деген пікірлер айтылып қалады. Біріншіден, өзгерістер әп-сәтте жасала қоймайды. Реформаларды жүзеге асыру үшін орасан зор күш-жігер, қисапсыз уақыт қажет. Мәселенің мән-жайын білмейтін адамға бұл үдеріс тым ұзаққа созылып бара жатқан секілді көрінуі мүмкін. Дегенмен өзгерістер бар. Кез келген реформа – қажырлы еңбекті талап ететін аса күрделі жұмыс. Кім не десе о дестін, Қазақстан реформалар жолымен сенімді қадам басып келеді» дей келе елімізде жүзеге асып жатқан реформаларға тоқталады.

Жалпы «Әділетті Қазақстан» идеясы жүзеге асу үшін не істеу қажет. Бұған қоғам қалай үлес қосады? Біз әділдікті ұстаным еткен мемлекеттің дамуына қалай үлес қоспақпыз? Мақаланың «Жаңа қоғамдық этика» деп аталатын бөлімінде мақала авторы қоғам санасы өзгермей ешнәрсе өзгермейтінін атап айтады. «Қоғам санасындағы және жұрттың мінез-құлқындағы әбден ескірген қасиеттер мен ұғымдар келмекке кетпесе, саясат пен экономикадағы ауқымды реформалар еш нәтиже бермейді. Ескішілдік пен өркениетті даму жолы ешқашан бір арнаға тоғыспайды. Мысалы, 2022 жылы қоғам өкілдерінің ұсынысымен Мәжіліс және мәслихат депутаттарын аралас сайлау жүйесі енгізілді. Өкінішке қарай, іс жүзінде бір мандатты округтердің кейбіреуінде оң үрдіспен қатар жағымсыз жайттар да болды. Ашығын айтсақ, бірқатар округте бағдарламалар мен идеяларға негізделген еркін бәсеке түріндегі саяси күреске кәуә бола алмадық. Тіпті кейбір жерде қымалық топтар билікке енуге де әрекет жасалды» деп жазады. Демек, елдің жаңаша дамуына, әділдік үстем құруына әрбір адам мінез-құлқымен, іс-әрекетімен жауапты екенін ұмытпауы тиіс.

Мақаланың «Қоғамдық пікірталастың REDLINE-ы» деп аталатын бөлімінде қоғамда

пікір алуандығын дамыта отырып, ел бірлігіне сызат түсірмеу маңызды екенін атап көрсетеді. Бұл орайда азаматтық қоғамға, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне, блоггерлерге артылар жауапкершілік жүгі ауыр. Әсіресе этносаралық қатынастарға және тіл мәселесіне, дін саласына, сыртқы саясатқа қатысты ахуалды ұшықтырмауға баса мән беруі қажет екенін атап көрсетеді. Бұл орайда сарапшы, білікті мамандар пікіріне сүйенген жөн.

Мақаладағы «Ішкі саясат дегеніміз – ең алдымен, халықпен тікелей жұмыс істеу деген сөз, яғни адамдармен ашық әңгімелесіп, тұрақты диалог орнату қажет. Сонымен бірге ысқырығы жер жаратын бәзбіреулерді көпшіліктің сөзін сөйлеп жүрген адам деп түйсіну де әбестік» деген жолдар да бүгінгі қоғамның өзекті мәселесін деп басқандай.

Жалпы біз армандаған, біз қалаған Әділетті Қазақстанды жасайтын өзгелер емес, өзіміз екенін түсініп кез келгенде. Бұл идеяны жүзеге асыру үшін әрбір азамат жауапкершілікті сезінуі қажет. Қай кезде де ел ішіне ірікті салатын емес, елді ұйыстыратын сөз айту маңызды.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА



### КҮНКӨРІС КӨМЕК, ЖАЛАҚЫ-ЖӘРДЕМ БОЛА МА?

Ақшаны ұнатпайтын адам жоқ шығар, бәлкім. Азық-түлік, киім-кешек алу, тіпті қонақтық та құрқол болмайды. Тұрмыстағы көп шешімнің қалтадағы тиынға тәуелді болатыны сол. Содан болар, аймақ тұрғындары арасында ақша табымын деп мамандық ауыстырып, жақсы жалақы іздеп, өзге өңірге қоныс аудару көбейді. Биыл қантар-наурыз айларында өңірден қоныс аударғандар саны көпін келгендерден 2 216 адамға асып түскен. Көпкөңілді уәжіне құлақ түрсек, басты мәселе – айлық табыс, құбылмалы инфляция. Жағдай шынмен, күрделі ме? Көрсеткіштер не дейді? Саралап көрейік.

#### ТАМ-ТҮМ ТАБЫС

Табыстың негізгі көзі – жалақы. Бұл орайда көрсеткіш сан алуан. Мысалы, өткен жылы IV тоқсандағы жалақының медиандық мәні 259 463 теңге жеткен. Ұлттық статистика бюросы осылай дейді. Демек, соңғы екі тоқсанда айлық жалақының орташа мәні 12,3 пайызға өсті деген сөз. «Өңірлік бөліністе 2022 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда 2023 жылдың IV тоқсанында орташа айлық атаулы жалақының ең көп өсуі Ұлытау облысына тиесілі. Аталған облыста 23,5 пайыз, Ақмола облысында – 23 пайыз, Қызылорда облысында, Алматы қаласында 20,4 пайызды құрады. Ең төменгі өсім Атырау облысында – 6,4% және Маңғыстау облысында – 9,9% болды», – деген Ұлттық статистика бюросының хабарламасында.

3-БЕТТЕ

### Серік ҚОЖАНИЯЗОВ, Қызылорда қаласының әкімі: МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫН ЖҰМЫСТАН ШЫҒАРҒАНМЕН, МӘСЕЛЕ ШЕШІЛМЕЙДІ

Жаздың алғашқы күнінде-ақ екі бала суға кетті. Артынша темір жолдың арғы бетіндегі Шанхай аумағында балалар бір-бірін пышақтады. Төбелестің соңы қайғылы оқиғамыз аяқталған қос мұғалімнің әрекеті де жағдайды ұшықтыра түсті. Бұл реттегі мәселе күн тәртібінен түспей тұр. Қалалық мәслихатта өткен жиында тек білім саласының ғана емес, құқық қорғау, төтенше жағдай саласы мамандары мен қалалық мәслихат депутаттары, бөлім басшылары да қатысты.

2-БЕТТЕ

### МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі. Мамандық таңдау тек материалдық жағдай ғана емес, сонымен қатар адамның өз жұмысының қызығушылығына байланысты. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, түлектердің басым бөлігі тұрақты табыс қана емес, сонымен қатар тұрғылық өсу мүмкіндігін беретін мамандық таңдауға ұмтылады. Еңбек нарығын талдау белгілі бір мамандықтарға сұраныс уақыт өте келе өзгеретінін көрсетеді. Мәселен, соңғы жылдары IT мамандықтар мен цифрлық экономикаға қатысты кәсіптерге қызығушылық артқан. Бұл жаһандық цифрландыру мен өмірдің барлық салаларындағы процестерді автоматтандыруға байланысты. Жалпы белгілі бір кәсіпті таңдау тек сол бір мамандыққа қалуды көздейді, себебі бір кәсіптің салада өсу мен дамуының әртүрлі бағыттары бар. Сондықтан икемділік пен оқуға деген құлшыныс заманауи маман үшін маңызды қасиет.

2-БЕТТЕ

## ЖАҢАШЫЛ АУЫЛ

Қаланың батысына қарай темір тұлпардың жүгенін еркіне жібердік те, «Қызыл-өзек, қайдасың?» деп тартып отырдық. Үш ауылдың астанасы атанған Қараөзекке табан тіреймін дегенше,

тақтайдай тегіс асфальт сырғытып әкетіп барады. Ұланғайыр атыраптың ұшы-

қыры көрінбейді... Темір жолды жағалай отырып, межелі жерге де жеттік... Үш

жарым мыңға тарта халқы бар ауылдық округке осыдан бес жыл бұрын ат басын

бұрғанмын. Өзгеріс көп. Оны бір ғана жолдың өзі айтып тұрғандай... 4-БЕТТЕ



Қазақстанда мектеп бітірген, жоғары немесе орта арнаулы оқу орындарының табылдығын аттаған жастар мен талапкерлердің мамандық таңдауы – олардың болашағын айқындайтын шешуші кезең. Жоғары білім алған жас мамандардың 40 пайыздан астамы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейтінін статистика көрсетіп отыр. Бұл жеке қалау ғана емес, сонымен қатар жастардың кәсіби таңдауына әсер ете алатын нарықтық үрдістерді де көрсетеді. Мектептердегі кәсіптік бағдар беру оқушылардың ниеттерін қалыптастыруда басты рөл атқаратынын атап өткен жөн. Мұғалімдер мен кәсіптік кеңесшілер оқушының бейімі мен қызығушылығын ерте анықтаудың маңызды, болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға ықпал етеді. Жастардың кәсіби бейімділігіне әлеуметтік желілер де айтарлықтай әсер етеді. Кейбір жастар оқу орындарында оқығаннан гөрі блогер немесе басқа да шығармашылықпен айналысуы қалайды.

жастың өміріндегі маңызды қадам екенін айтты. Бүгінгі таңда талапкерлердің алдында мамандықтар мен білім беру бағдарламаларының үлкен таңдауы тұрғанын, бұл шешім қабылдау кезінде қандай қиындықтар тудыруы мүмкін екенін атап өтті.

сұранысты жасылап зерттеу керек. Университеттер және кәсіби бағдар беру орталықтары студенттерге кеңес беру және кәсіптік тестілеу арқылы көмек көрсете алады, – дейді Жандос Шынжырбайұлы.

Университет кәсіби бағдар беру жү-



# МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

## СТАТИСТИКА СЫРЫ

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2022-2023 оқу жылында Қазақстандағы студенттердің жалпы саны 575,5 мың адамды құраса, оның 53,7 пайызы әйелдер. Студенттердің басым бөлігі (97,2%) күндізгі бөлімде оқиды. Сонымен қатар 2023 жылы студенттер саны 592,7 мыңға дейін өсті, бұл жоғары білімге деген қызығушылықтың артқанын көрсетеді. Алайда жалпы орта білім беру базасында оқуға қабылдаудың жоғары пайызына қарамастан 2022-2023 жылдары – 65,2% және 2023-2024 жж. – 71,7% таңдалған мамандық пен еңбек нарығының нақты қажеттіліктері арасындағы сәйкессіздік проблемасы байқалады.

Кәсіптік бағдар беру жағдайында білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты ескеру маңызды. Мемлекеттік гранттар мен квоталар белгілі бір мамандықтарға қызығушылықты оятуы мүмкін. Мысалы, 2023 жылы 64,3 мың студент квота бойынша білім алды, бұл халықтың әлеуметтік жағдайы төмен жастарға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Қазақстанда жоғары оқу орындарының санының қысқару үрдісі байқалып отырғанын атап өткен жөн, бұл білім беру бағдарламаларының қолжетімділігі мен әртүрлілігіне әсер етуі мүмкін.

«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» ақпараты бойынша 2030 жылға қарай елімізде жастар саны 5,9 млн адамға жетеді, бұл білім беру қызметтеріне, жұмыс орындарына, сондай-ақ тұрғын үй мен медицинаға сұраныстың артуына әкеледі. Еңбек нарығына жас жұмысшылардың жыл сайынғы ағыны 300 мың адам деңгейінде болжанады. Жұмыспен қамтылған жастардың 20%-ға жуығы мамандық бойынша жұмыс істемейді. Диплом мен еңбек міндеттерінің сәйкес келмеуінің салдары жалақының 15%-ға төмендеуіне әкелі соғады. Орталық жүргізген таңдау нәтижесінде мамандарды даярлау сапасын арттыру, сондай-ақ жұмыс күшінің ішкі ұтқырлығын қамтамасыз ету жөніндегі құралдарды дамытуға арналған нұсқалар ұсынылды. Соңғы бес жылда республикада жастар практикасы, алғашқы жұмыс орны, ұрпақтар келісімшарты, жастарға арналған гранттар сияқты жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған шараларды қолдауға 63 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. 1,2 миллионнан астам жастар болды, олардың 70 пайызы тұрақты жұмысқа орналасты. Болжам бойынша электрондық еңбек біржасында жарияланатын бос жұмыс орындарының саны 1,15-тен 1,3 млн бірлікке дейін болады деп күтілуде.

Қазақстандағы жастар мен мектеп бітірушілер үшін мамандық таңдау – жеке қалау, нарықтық үрдістер, әлеуметтік ықпалдар және мемлекеттік білім беру саясатын қоса алғанда көптеген факторларға байланысты күрделі процесс. Жастардың табысты болашағын қамтамасыз ету үшін білім беру мекемелерінің, мемлекеттің және бизнес-қоғамдастықтарының кәсіптік бағдар беру және оқыту мәселелерінде күш-жігерін біріктіру қажет.

## КЕҢЕСІП ПІШКЕН ТОН КЕЛТЕ БОЛМАС

Мамандық таңдауда мамандардан кеңес алу қалай көмектесетінін жайлы білу үшін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің рекрутинг және мансап басқармасының басшысы Жандос Оразмахановтың пікіріне жүгінідік. Маман талапкерлер үшін мамандық таңдау әрбір

– Қазіргі таңда IT және бағдарламалау, медициналық ғылымдар, инженерлік мамандықтар, бизнес және қаржы, сондай-ақ цифрлық маркетинг және мәліметтерді талдау салалары өте сұранысқа ие. Бұл мамандықтар еңбек нарығында тұрақты жұмыс орындарын қамтамасыз етеді және үнемі жаңартып отыратын технологиялар мен трендтерге байланысты әрдайым өзекті. Қазір талапкерлерге мамандық таңдау кезінде қаржы, заң немесе ауыл

мыстарын үнемі ұйымдастыратынын атап көрсетті.

– Университетімізде Рекрутинг және мансап басқармасы талапкерлерге үздіксіз кеңес беру қызметтері, кәсіби бағдар беру бағдарламалары, шеберлік сыныптар мен семинарлар, сондай-ақ Қызылорда облысының барлық аудандары мен қалаларына RoadShow ұйымдастырылады. Біз оқушыларға қажетті ақпаратты ұсына отырып, олардың дұрыс таңдау жасауына



шаруашылығы болсын, кез келген мамандық таңдауда қате жок екенін ескеруге кеңес береміз. Мысалы, қасапшы болу – тамаша кәсіп, бірақ бұл үшін төрт жыл басқа салада диплом алу керек пе? Немесе бір салада жоғары білікті маман болып, қызығушысыз жұмыс істеген дұрыс па? Мәселе осында. Егер талапкер өзінің дағдылары мен қабілеттеріне сай келетін мамандықты таңдап, 4 жыл бойы тереңдетіп оқыса, мықты маман болады. Қарапайым мысал: бізде су шаруашылығы мамандығы бар. Бірақ жастар бұл мамандыққа қызығушылық танытпайды, сол себепті біздің елде бұл салада кадрлардың жетіспеушілігі байқалады. Нәтижесінде елімізде осы сала мамандарының жетіспеушілігінен су саласында мәселелер аз емес. Сондықтан біз мамандық ұсынған кезде таңдалған мамандық тек қызықты ғана емес, сонымен қатар қоғам мен ел үшін пайдалы болуы керек екенін атап өтеміз. Ұзақ мерзімді перспективада бұл студентке кәсіпте жетістікке жетуіне ғана емес, сонымен бірге елдің дамуына өз үлесін қосуға көмектеседі, – дейді маман.

Сарапшы еліміз үшін білікті кадрлардың қажеттілігін атап өтті. Ол мамандық таңдау үшін талапкерлермен көптеген іс-шара мен кездесулер өткізетінін атап өтті. Бұл шешім қабылдауды жеңілдету және ең тиімді мамандықты таңдауға көмектесу мақсатында жасалады.

– Талапкерлер өз қызығушылықтарын ескерместен, тек ата-аналарының немесе қоғамның пікіріне сүйеніп мамандық таңдайды. Көбінесе олар еңбек нарығындағы өзгерістерді ескермейді және болашақта қажетті дағдыларды меңгеру қажеттілігін түсінбейді. Бұл қателіктерді болдырмау үшін оқушыларға өздерінің қабілеттерін, қызығушылықтарын және нарықтағы

көмектесеміз. Біз оқушылармен жеке және топтық кеңес беру, онлайн және офлайн кездесулер, кәсіби тестілеу, шеберлік сыныптар, семинарлар және ашық есік күндерін ұйымдастыру арқылы мамандық таңдауда көмек көрсетеміз. Сонымен қатар кәсіптік тәжірибе және өндірістік экскурсиялар ұйымдастырып, оқушыларға нақты кәсіптер туралы ақпарат береміз, – дейді рекрутинг және мансап басқармасының басшысы Жандос Оразмаханов.

Ұлттық тестілеу орталығының ақпаратына жүгінесек, елімізде негізгі ҰБТ-2024 басталғалы бері 71 мың адам тест тапсырған. ҰБТ-ға 186 мыңға жуық талапкерден екі мүмкіндікті есепке алғанда 342 мыңға жуық өтініш қабылданған. Оның ішінде тест тапсырушылардың 75%-ы қазақ тілінде, 25% -ы орыс тілінде, 229 адам ағылшын тілінде ҰБТ-ға қатысуға өтініш білдірді. Түлектердің 16%-ы «Математика-Физика», 16%-ы «Биология-Химия», 13%-ы «Шығармашылық», 11%-ы «Математика-Информатика» пәндерін таңдады. Қалған талапкерлер колледжден кейінгі қысқартылған оқу түрін таңдады.

– Қазіргі таңда елімізде мұғалімдердің мәртебесі мен жалақысының осуына байланысты көптеген студент педагогикалық мамандықтарды таңдай бастады. Олардың көпшілігі ҰБТ-да жоғары балл алып, осы мамандықтарға түседі. Неліктен? Өйткені олар жоғары стипендия мен жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін жалақысы жоғары жұмысқа орналасуға мүмкіндік бар деп сенеді. Тағы бір танымал сала – IT саласы. Бұл салада 4500-ден астам грант бөлінген және студенттер жаңа инновациялық технологияларды үйренуге қызығушылық танытуда. Бұл бағыттар университетке түсетін студенттер арасында да жоғары сұранысқа ие, – дейді сарапшы.

## ТРЕНДТЕГІ МАМАНДЫҚТАР

Соңғы жылдары елімізде колледждерде білім алатын студенттер саны артқан. Жарияланған ақпаратқа сүйенсек, 2022-2023 оқу жылының басындағы мәліметтер бойынша колледждердегі студенттердің жалпы саны 548 мың адамды құрады, бұл 2022/2023 оқу жылының басымен салыстырғанда 4,2%-ға көп. Әсіресе талапкерлердің құрылыс саласына қызығушылығы жоғары. Бұл тенденция терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен жас ұрпақтың қалауын көрсетеді. Жастардың құрылыс саласына ұмтылуының басты себептерінің бірі – тұрақтылық. Сонымен қатар құрылыс саласы бизнес кәсіпкерлікті дамытуға мүмкіндік береді. Студенттер мұны өз бизнесін құру және қаржылық тәуелсіздікке жету мүмкіндігі ретінде қарастырады. Осы ретте құрылыс және бизнес саласындағы сапалы білім беретін оқу орындарының бірі – Смағұл Ысқақов атындағы Қызылорда қызылшы және бизнес колледжі директоры Әлия Досмахановадан талапкерлердің таңдауы туралы пікірін сұрадық.

– Колледж 12 мамандық, 16 біліктілік бойынша құрылыс және қызмет көрсету салалары үшін жұмысшы және орта буын кадрларын даярлауда. Қазіргі таңда талапкерлер тарапынан «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Сандық техника», «Тамакандыруды ұйымдастыру», «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері», «Архитектура», «Дәнекерлеу ісі», «Жиһаз өндірісі», «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандықтары сұранысқа ие. Жұмысшы мамандығы бойынша талапкерлер оқуға конкурстық қабылданады, орта буын мамандықтары бойынша талапкерлер аттестаттың орташа балы негізінде автоматтандырылған жүйеде жасалатын конкурс арқылы оқуға қабылданады. «Сандық техника», «Тамакандыруды ұйымдастыру», «Дәнекерлеу ісі», «Жиһаз өндірісі», «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандықтары гранттарға көбірек ие. Жетістікке жеткен студенттер саны аз емес. Колледж студенттерінің арасында соңғы жылдары түрлі сайыстарда топ жарып, жүлделі орындарға ие болып жүргендер көп. WORLDSKILLS – 2024 қысқы шеберлік чемпионатының облыстық кезеңінде студенттеріміз жүлделі орын иегерлері атануда. Бұл жастардың осы саладағы қызығушылығының жоғары екенін көрсетеді, – дейді Қызылорда құрылыс және бизнес колледжі директоры Әлия Досмаханова.

Сондай-ақ мамандық таңдауға келгенде сенімсіздік танытқандар бар. Бұл орайда колледж директорының кеңесіне сүйендік.

– Талапкердің қызығушылығы мен бейімділігін ескере отырып, мамандықтардың артықшылықтары мен мүмкіндіктері туралы ақпарат беріледі, ашық есік күндері ұйымдастырылады, кәсіби бағдар жұмыстары мектеп оқушыларымен жыл бойы үздіксіз жүргізіледі. Жастардың «Болашақ мамандығыңыздан не күтесіз?» деген сұраққа шынайы жауап дайындап, өзін болашақ нақты бір кәсіп иесі ретінде елестете алуы маңызды. Көп нәрсе осыған тікелей байланысты. Мамандықтың бәрі жақсы. Алайда кейбір мамандықтар математикалық қабілеттерді талап етеді, басқалары шығармашылықты, келесісі дене дайындығын қажет етеді. Жаман мамандық болмайды, тек сізге ұнайтын немесе ұнамайтын мамандық бар. Өмірде бәрі бір-бірімен байланысты болғандықтан, дұрыс мамандық өмірдің барлық саласына әсер етеді. Таңдау неғұрлым сәтті болса, өмір жолы соғұрлым қызықты және табысты болады, – дейді колледж директоры.

Жыл сайын мыңдаған талапкер кәсіби және жеке жолын анықтайтын таңдау алдында тұрады. Быыл олардың көпшілігі тұрақтылықты ғана емес, сонымен қатар өсу мен өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беретін мамандықтарға бейім екенін көріп отырмыз.

Қазіргі талапкерлер – ақпараттық технологиялар мен жаһандық өзгерістер дәуірінде өскен ұрпақ. Олар қоғам мен экономиканың дамуына үлес қосатын мамандықтарға ұмтылады. Дегенмен қызығушылықтардың кең ауқымына қарамастан, көптеген талапкер уақыт сынынан өткен және сұранысқа ие мамандықтарды таңдайды. Бұл, әсіресе, экономикалық тұрақсыздық жағдайында болашаққа деген сенімге деген ұмтылыспен байланысты. Медицина, білім беру, құрылыс және IT саласындағы мамандықтар ең таңдаулы болып қала береді. Білім беру жүйесі талапкерлерге теориялық білім мен практикалық дағдыларды біріктіретін икемді оқу бағдарламаларын ұсына отырып, іріктеу процесінде маңызды рөл атқарады. Талапкерлердің мамандық таңдауы тек жеке қалауы ғана емес, экономика мен қоғамдағы қазіргі тенденциялардың көрінісі, сондықтан таңдау жасағанда мұқият қарауды және саналы таңдауды талап етеді. Сайып келгенде, талапкерлер болашақ жұмыс қана емес, сонымен қатар жеке және кәсіби өсу мүмкіндігін беретін мамандықтарды іздеу керек.

София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

## Серік ҚОЖАНИЯЗОВ, Қызылорда қаласының әкімі:

# МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫН ЖҰМЫСТАН ШЫҒАРҒАНМЕН, МӘСЕЛЕ ШЕШІЛМЕЙДІ

Бүгінде бала тәрбиесі ақсап тұр. Бұл қоғамның ең өзекті мәселесіне айналды. Екі адамның басы қосылса, жасөспірімдер тәрбиесіндегі түйткіл ұшығып тұрғанын айтады. Қай жерден қателестік? Жүргенсіздікті жөнге қойып, тентекті тезге салатын қазактың қалпы қандай еді? Бала тәрбиесіне бей-жай қарамайтын былайғы жұрттың да басын ауыртқан осы мәселе еді... Аз ғана уақытта аймақтың атын айға шығарған түйткілді тарқатуды мақсат еткен жиында қала әкімі Серік Қожаниязов мәселені шешудің тиімді жолдарын қарастыруды ұсынды.

– Бірдене бола қалса, ең оңайы – мектеп директорын жұмыстан босату. Бұйте берсек, жұмыста ешкім қалмайды. Сіз де, біз де кете береміз. Бұл – тек білім саласының ғана емес, тұтас қоғамның мәселесі екенін түсінугіз керек. Түсінемін, еңбек демалысының уақыты. Бірақ түнгі рейдке келгенде «мен демалыстамын» деген болмау керек. Сенбілік бар, басқа да іс-шараларды қысқартып, оқу процесіне кедергі келтірмейтін жолын қарастырыл. Ұстаз мәртебесін көтеруге Президенттен бастап мән беріп, кешенді іс-шаралар жүргізілуде. Жалақысыз көтеріп, жағдайын жасаудың бәрі қолға алынған, – деді қала әкімі Серік Қожаниязов.

Бес саусақтың бірдей емес екенін алақанға қарап-ақ айта аламыз. Соны білесек те, екі бірдей мұғалімнің әрекеті тұтас білім саласына кір келтіргені айқын. Балаларды жөнге сала алмай жүргенде, олардың кері кеткен әрекеті де жығылғанға жудырық болғаны жасырын емес. Айтпақшы, осы ретте сандарды сөйлестік... Сенесіз бе, күні кеше бір түнде ғана жасөспірімдерге қатысты 56 әкімшілік-құқық бұзушылық тіркелген. Бір түнде ғана... Ал бір жылдағы 365 күнде мұндай жағдайдың қаншама болып жатыр. Жыл басталғалы көмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне 173 хаттама толтырылса, оның 48-і – бір жылда бірнеше рет қайталанғандар.

– Көмелетке толмағандарға қатысты қылмыстар өткен жылдың есегі кезеңімен салыстырғанда 120 қылмысқа төмен. Қылмыстардың ашылуы 13 пайызға артты. Рейд нәтижесінде көмелетке толмағандар арасында 62 заңсыз суық қару сақтау фактісі тіркелді. Күнделікті рейд жүргізіліп тұрады, – дейді қалалық полиция көмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне 173 хаттама толтырылса, оның 48-і – бір жылда бірнеше рет қайталанғандар.

– Көмелетке толмағандарға қатысты қылмыстар өткен жылдың есегі кезеңімен салыстырғанда 120 қылмысқа төмен. Қылмыстардың ашылуы 13 пайызға артты. Рейд нәтижесінде көмелетке толмағандар арасында 62 заңсыз суық қару сақтау фактісі тіркелді. Күнделікті рейд жүргізіліп тұрады, – дейді қалалық полиция көмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне 173 хаттама толтырылса, оның 48-і – бір жылда бірнеше рет қайталанғандар.

Бұл ретте әрине, ата-ананың жауапкершілігі де қаралғаны орынды. Әйтпесе еңбек демалысына шыққан мұғалім атаулы қолына шыбық ұстап, канал жағасында жүр. – Біздің жігіттер су алған апат аймақтарынан енді ғана келіп жатыр. Алдағы уақытта қауіпті аймақтардағы мамандардың санын арттырамыз. Қазір қала бойынша суға шомылуға тыйым салынған 21 уақсақеде 20-25 маман кезекшілікте жүр. Демалыс күндері олардың санын екі есеге дейін арттырамыз. Ел жердің барлығында ескерту тақтайшалары ілінген. Бірақ балалар оған қарап жатқан жоқ. Мәселен, іс-шара барысында «КБИ» шағын ауданында су жағасында «Шұғыла» шағын ауданының балалары жүр. Айтты ескерттік, артында олар Тасбөгеттен бір-ақ шықты. Жазаны қатайтты, осылай балаларды қуып жүре береміз, – дейді қалалық төтенше жағдайлар басқармасы бастығының міндетін атқарушы Ернұр Райымбеков.

Қала әкімі Серік Салауатулы басқарма тарапынан әлі де болса халық арасында насихаттық жұмыстарды кеңінен жүргізе отырып, мүдделі органдармен бірге кезекшілікті күшейтуді міндеттеді.

– Жазғы демалысты тиімді өткізу шараларына жіті мән берілу керек. Біз ата-аналармен жұмыс істедік, рейттік іс-шаралар тұрақты жүргізілуде. Енді біз не істейміз керек? Бұдан нәтиже шықпаса, балкім, жұмыс бағыты мен көзқарасымызды өзгерту керек шығар. Спорттық үйірмелерді, клубтардың жұмысын жолға қояйық, – деді қала әкімі жиннда.

Тауада ғана тағайындалған қалалық білім бөлімінің басшысы Жанат Сәдуақасова жиннда сөз алып, болған жағдайлар мұғалім атына кір келтіргенін мойындайтынын, жасөспірімдер арасындағы тәртіпсіздіктің алдын алуға қадамдардың жасалып жатқанын жеткізді.

– Әрине, мұғалім атына кір келді. Оны қоғам алдында мойындап отырмыз. Балалардың қауіпсіздігін келсек, мектеп директорылармен іс-шаралар, ата-аналармен жиналыстар тұрақты өткізіледі. Облыс әкімінің бекіткен іс-шара жоспарына сай өтуде. Мұғалімдердің 80 пайызы еңбек демалысында. Бірақ солай екен деп олардың түнгі рейдтегі белсенділіктері төмендеген жоқ. Менің ұсынсым, суға түсу маусымында қалада балаларға тегін суға түсетін арнайы жерлер белгіленсе, – дейді Ж. Сәдуақасова.

Қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаяв жұмысқа жауапкершілікпен қарағанда ғана нәтиже шығатынын айтты. Ал бала тәрбиесі тұрғысындағы жауапкершіліктің жұты ауыр екенін анық.

– Мектептегі оқушыларға мұғалімдер еге болу керек. Көшедегі рейдтің орнына қиын балалардың үйіне барып, тәрбиелік мәні бар іс-шара, әңгімелесу, түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Ата-аналардың жауапкершілігін түсіндіру керек. Суға түсуге тыйым салынған аймақтардағы белгілер бүгін қойса, ертең жоқ. Бұл не деген тәртіпсіздік?! Түгендеу керек. Ол жерге суға түсуге болмайтынын адамдар білу керек. Мұнан бөлек, болашақта полиция боламын деп армандайтын жастарды ерікті түрде полиция қызметкерлерінің қатарына қосып, көмекке жұмылатын арнайы ықпалды топ жасақтауға болады. Өйткені олар жасөспірімдердің қайда жиналатынын, қайда баратынын біледі. Біз сол арқылы балалардың тәртібін қалағалай аламыз, – деп ұсынсын білдірді мәслихат төрағасы.

## ТҮЙІН.

Жыл өткен сайын «Білімді ұрпақ – ел болашағы» деп, салаға көптеп көңіл бөлінеді. Иә, мемлекет қазынасынан да бұл салаға аз қаржы бөлініп жатқан жоқ. Мұғалімдердің жалақысы өсіп, білім беру ұйымдары қажетті жағдайлармен жаратандырылуда. Облыс әкімінің қолдауымен қала көлемінде үш ауысымды мектептер жойылып, санға емес, сапаға мән берілуде. Ендігі жерде қоғам мойнында үлкен жүк тұр. Ол – оқушылардың білімі мен тәрбиесі және мұғалімдердің мәртебесін көтеру. Сіз не дейсіз, қадірлі оқырман!

Басы 1-бетте


Дәулет ҚЫРДАН

Басы 1-бетте



# КҮНКӨРІС КӨМЕК,

## ЖАЛАҚЫ ЖӘРДЕМ БОЛА МА?



Көрсеткіште өсім бары бар, әйтсе де халықтың әлеуметтік жағдайы экономикалық қыспаққа түсіп, қиындыққа тап болғанын жасыра алмайсыз. Басты кедергі азық-түлік бағасының тұрақсыздығы, жалақы мөлшерінің аздығы екені айтпаса да түсінікті. Оған нарық талабына сүйенген кәсіпкерлердің пайда ойлаған пайдалы қосылғып, мәселенің ұшығуына әкелді. Мемлекет оқылдықты түзеу үшін бірқатар шара қабылдап, шешім шығарғанымен, нәтиже көрінер емес. Енді, міне, қоғам келесі қадам – ең төменгі жалақы деңгейін көтеру ісінен үміт күтеді. Мемлекет басшысы да оқылдықты шешудің тиімді тетігі жалақы мөлшерінде екенін қайталап, сала министрлігіне тапсырма берген болатын.

Нәтижесінде 1 қаңтардан бастап Қазақстанда ең төменгі жалақы мөлшері 85 мың теңгеге көтерілді. Нақтырақ айтсақ, 15 мыңға ұлғайды. Көпке мәлім кірісті арттыру жайлы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қызырлы органдарға өзінің былтырғы Жолдауында тапсырған болатын.

«Біз бұған дейін үде бергеніміздей, Үкімет ең төменгі жалақы мөлшерін біртіндеп өсіре береді. Азаматтардың табысын арттыру үшін 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мың теңгеге көтеруді тапсырамын. Осылайша, біз еңбекақының ең төменгі мөлшерін үш жыл ішінде екі есе көбейттік. Бұл шара 1 миллион 800 мың адамның, оның ішінде бюджет саласында еңбек ететін 350 мың азаматтың ал-ауқатын арттыруға септігін тигізеді», – деді Мемлекет басшысы.

### КҮНКӨРІС ДЕНГЕЙІ КҮНЕЛТУГЕ ЖЕТЕ МЕ?

Жалпы жалақыдан бұрын күнкөріс деңгейінің динамикасына назар аударайық. Бұл бағытта облыс көрсеткіші төмен. Мұны Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі де, Ұлттық статистика бюросы да растағалы қашан. Өзге өңірде өсім болған шақта, облыс кері кетті. Мысалы, сәуір айында ең төменгі күнкөріс деңгейі 48 897 теңгені құрады. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 4,6%-ға өсті.

«Осы айдағы ең жоғары көрсеткіш Маңғыстау облысында – 59699 теңге, Астанада – 53567 теңге, Алматыда – 51982 теңге, Шығыс Қазақстан облысында – 51027 теңге, Алматы облысында – 50410 теңге, Ұлытау облысында – 49405 теңге және Шымкентте – 48476 теңге болып тіркелді. Бұдан әрі облыстар Абай – 47816 теңге, Ақмола – 47735 теңге, Жетісу – 47424 теңге, Солтүстік Қазақстан – 47 343 теңге, Павлодар – 47254 теңге, Қарағанды – 47136 теңге, Қостанай – 46754 теңге, Жамбыл – 46596 теңге, Атырау – 45953 теңге», – деді Ұлттық статистика бюросы.

Көрсеткіші кейін кеткен облыстар ішінде Қызылорда бар. Бізде ең төменгі күнкөріс деңгейі 44 021 теңге ғана. Мамырда әрбір 44,1 мың теңге жетті. Сонда да соңғының қатарындамыз.

«Елдегі 18 жастан асқан еңбекке қабілетті ер адамдар үшін ең төменгі күнкөріс деңгейі 58038 теңгені, әйелдер үшін – 46075 теңгені құрады. Зейнеткерлер мен қарт адамдар үшін бұл көрсеткіш 45709 теңгеге, 14 жасқа дейінгі балалар үшін – 39648 теңгеге, 14-17 жас аралығындағы ұлдар үшін – 61795 теңгеге, ал қыздар үшін – 47354 теңге», – дейді ресми мәлімет.

Осы орайда «күнкөріс деңгейіне не әсер етеді?», «облыс оқылдығы неде?» деген сауалға жауап іздеген жөн. Сарапшылар даудың басын тұтыну себептінен шығарады. Яғни бұл ұғым адамның тыныс-тіршілігін қажетті тамақ өнімдері, тауар мен көрсетілетін қызметтердің жинағын білдереді екен. Тұтыну себептіне кіретін заттың құны өскен сайын ең төменгі күнкөріс деңгейі де өзгермек.

Мысалы, биылғы мамыр айының басында қазақстандықтар азық-түлікке орташа есеппен 63 641 теңге жұмсайды екен. Демек, облыстағы 44 мың теңгені құрайтын ең төменгі күнкөріс деңгейі өте аз дегенді білдіреді. Мемлекет тұтыну себепті тізіміне кіретін 43 азық-түліктің бағасын қалыпты деңгейде ұстап тұрғанын өзінде ахуалды бақылау қиын.

Сондықтан қоғам белсенділері мен депутаттар тұтыну себептіне кіретін азық-түлік санын арттырып, қадағалауды күшейтуді талап етуде. Жуырда Мәжіліс депутаты Асхат Рақымжанов азық-түлік себептіне қайта қарауды ұсынуы осыдан туған пікір болатын.

«Ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мүгедектігі және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының, мүгедек баланы тәрбиелеушілерге тағайындалған жәрдемақының белгілеуге негіз болып отырғандықтан, ең төменгі күнкөріс деңгейін анықтау әдістемесі өмір сүру сапасының базалық стандартына жауап беруі керек.

Азық-түлік санын 43-ке дейін төмендетуді негізсіз деп санаймыз. Себебі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика «Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекіту туралы» бұйрығында 64 түрлі азық-түлік атауы белгіленген. Біз бұл көрсеткішті де аз

Басы 1-бетте

және халықаралық стандарттарға жауап бермейді деп санаймыз. Біздің ел дамыған елдермен иық тіресуге ұмтылуы керек. Мәселен, Францияда бұл көрсеткіш 500-ден астам атаудан тұрады», – деді мәжілісмен.

Әрине, депутат сөзінің жаны бар. Халықтың қымбатшылықтан құтылуы әлеуметтік жәрдемге байланысты. Егер қоғам пікірі ескеріліп, жаңа азық-түлік себепті құрылса, ең төменгі күнкөріс деңгейін жоғарылатуға жол ашылмақ.

### ИНФЛЯЦИЯ ИІНІ

Алдымен төменгі жалақының көтерілуіне ықпал еткен инфляцияға тоқталайық. Мұндай өзгеріске не түрткі болуы ықтимал? Әрине, әлемдік саяси оқиға, валюта бағамы, экономикалық көрсеткіштер секілді себептен жақын танысыз. Алайда мәселе тым әріде секілді. Мамандар жағдайдың мұнда құбылуын азық-түлік бағасының қымбаттауымен түсіндіреді. Олардың айтуынша, тауар айналымы, экономикалық саясаттың жүйесіздігі мәселені ұшықтыра түскен.

Үкімет инфляция деңгейін бақылау және төмендету бойынша 2022-2024 жылдарға арналған шаралар кешенін қабылдағанымен нәтиже аз. Тіпті жобада көрсетілген ішкі нарыққа отандық тауарларды көбейту, антимонополиялық реттеу, бөлшек сауданы қолдау, сауда инфрақұрылымының тиімділігін арттыру ісі көңіл қуантқанымен, ең жүзінде көзде аспай келе жатқанын жасыра алмаймыз. Ол аздай, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының үстемесі 15 пайыздан асырмауын қадағалау да кемшін түсіп отыр. Міне, осы талаптар тыңғылықты орындалмағандықтан баға аспандап, бағам түрленіп отыр. Ал нарық бағасы көтерілсе, жалақының жетіспеуі түсінікті.

Статистика мәліметіне сүйенсек, ақылы көрсетілетін қызметтер 12,4%, азық-түлікке жатпайтын тауарлар 9,1 пайыз, азық-түлік тауарлар 8,5 пайыз, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер 9,8 пайызға өскен. Ал тұрғын үй коммуналдық шаруашылық қызметтерінің тарифтері 13,9 пайызға, жылыту – 26,1 пайызға, электр энергиясы – 19,9 пайызға қымбаттаған.

Жуырда Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров БАҚ-та инфляцияны төмендетуге қатысты қандай шаралар жүзеге асырылатынын мәлімдеген болатын. Ол Қазақстанда инфляция деңгейі жоғары екенін, тарифтердің, тұтыну тауарларының, қызметтердің біршама көтерілгенін, бұл халықтың әлеуметтік жағдайына теріс әсер ететінін асырмады.

«Мамырдағы жағдай бойынша инфляцияның деңгейі 8,5 пайыз болып тұр. Қандай бағытта бойынша бағалардың қымбаттап жатқанын біз, әрине, білеміз. Біздің мақсатымыз – инфляцияны 6,8% деңгейінде ұстап тұру. Оны орындау үшін бар күшімізді саламыз. Ол үшін біз инвестициялық жобаларды жүзеге асыруымыз керек. Бұл орайда біздің нақты жоспарымыз бар», – деді министр.

### ШЕШІМ ЖОЛЫ

Бүгінде азық-түлік бағасын оңтайландыру, оқылдықтың келер жылы да қайталанбауы үшін мемлекет қарқынды ізденіс үстінде. Бұл орайда «Әлеуметтік әмиян» көмекші құралға айналатындай. Себебі Үкімет әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алуға жұмсалатын шығынның бір бөлігін қайтару үшін «Әлеуметтік әмиян» механизмін енгізуде.

Сондай-ақ тұрғындарды ақшалай емес қолдау шаралары да жоспарланыпты. Бұл ретте Үкімет әлеуметтік көмекке аса мұқтаж отбасыларды анықтап, дер кезінде мемлекеттік қолдау шараларын көрсету мақсатында Отбасының цифрлы картасы мен «Әлеуметтік әмиянды» интеграциялауды көздеген.


Халықты қолдау, қаржылай қиындықты шешу тағы бір жолы – жұмыспен қамту. Егер азаматтарда тұрақты жұмыс болмаса, базар бағасы қанша құбылғанымен пайда шамалы. Табыс ғана талап қоюға мүмкіндік береді. Бұл орайда мемлекет халықты, әсіресе жастарды тұрақты жұмысқа орналастыру, қолайлы жалақы беруіне құлықты. Себебі мұндай қолдауға зәру азаматтар аз емес.

Мысалы, жыл басынан бері облыста 17,9 мыңнан астам адам жұмысқа орналасты. Жаңа бизнес-бастамаларды іске асыру үшін азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін 400 АЕК (1476 800 теңге) мөлшерінде 1556 грант және жастар үшін жылдық 2,5 пайызбен 5 млн теңгеге дейін 400 жеңілдетілген шағын несие беру жоспарлануда.

**P.S.** Иә, ең төменгі жалақы мөлшерінің артуы, кей сала мамандарының еңбекақы көрсеткішінің көтерілуі көңіл көншітеді. Бұл халық әлеуметтік мәселені шешуге, жаңа мүмкіндік пен жаңа қаржылық жоспар құруға еркіндік сыйлар сөзсіз. Алайда көп қуанған қуанышты азық-түлік бағасының тұрақсыздығы бұзыуы ықтимал. Сондықтан халық мемлекет жалақыны көтеріп ғана қоймай, нарықтағы баға саясатын да қаперден шығармауы қажет деген пікірде.

Тұрақты табыстан айырылу, денсаулықтың нашарлауы, инфляция және экономикалық тұрақсыздық – кез келген адам кезігуі мүмкін тәуекелдер. Жағдай әбгерге салмау үшін бірнеше ережені білу жеткілікті. Бүгін қаржыны сақтау және табысты молайтудың бірнеше әдісімен бөлісудің сәті туды.

# Э



## ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ: НЕНІ БІЛІП, ҚАЛАЙ ҚАМ ЖАСАУ КЕРЕК?



### КӘСІПКЕРГЕ КЕРЕК КЕҢЕС

Әрбір кәсіпкер саладағы қиындық пен тәуекелді ерте тануды қалайтыны анық. Себебі алдын ала болжанған кедергіні жеңу оңай, сараланған биікті еңсеру жеңіл. Содан жас кәсіпкердің көбі тәжірибелі әріптестерінен ақыл-кеңес сұрап, жол нұсқауын қолқалайтынын білеміз. Табысты азаматтар да өздерінің жеңіс жолы туралы кітап әзірлеп, үздіктер қатарында болудың құпиясын ашып жатады. Осы орайда ғаламтор мен жеке даму кітабында жиі айтылатын кенесті кәсіпкерлер назарына ұсынамыз жөн көрдік.

Алғашқы ақыл – сапа деңгейін сақтау. Байқасаңыз, Рим империясы тұсында салынған Колизей бүгінгіге дейін сау жетті. Ғимаратқа қолданылған құрылыс материалдары кез келген бетоннан берік, әсемдігі небір нысаннан көркем. Мұның сыры сапада жатыр. Яғни алдымен табыс пен пайданы ойламай, сапаға көңіл бөлсеңіз, қалғаны өзі-ақ келеді деген сөз.

Өз ісіңізді жаңылмай табыңыз. Ең маңызды да мәнді кеңес осы болмақ. Көптеген кәсіпкердің жеңіліс тауып, күйреуінің бір белгісі дұрыс кәсіпті таңдамауында жатыр. Таңдаумен жаңылмау үшін кәсіп түрінің өміршеңдігі мен салған қаржының қайтарым жолын ескерген абзал. Мысалы, барлық ақшаны жаңа жылдық тауарларға салу ең ұтымсыз тәсіл. Оның орнына күнделікті тұтынатын немесе жыл бойы қолданыста болатын өнімді саудалау анағұрлым жеңіл.

Келесі кеңес – тұтынушы талғамын ескеру. Сатып алушысыз ешбір кәсіпті алға сүйрей алмайсыз анық. Тұтынушының талабын, оған көрсетілетін қызмет сапасын жақсартпай, пайда табымын деу бекер. Оған қоса бір келген клиенттің қайта оралуы үшін сапалы жұмыс істеу сізді бәсекелестеріңізден ерекшелігіңізді ұмытпаныз. Сол үшін азаматтарға қолайлы орта құру, жеңілдік науқанын ұйымдастыру таптырмас амал болады.

Аздан бастау артық етпейді. Мақсат-мұраттың биік болғаны жақсы-ақ. Алайда «көптеген қарап көсілу» жөн. Жоспар құрып, мақсатқа жету жолын бөлікке бөлу

қажет. Аздан көпке, төменнен жоғарыға көтерілген пайдалы. Қаншама атақты компаниялар да жұмысын аздан бастаған. Мәселен, Amazon компаниясы шағын кітап дүкенінен басталғанын білесіз бе? Кәсіп иесі уақыт өте дүкенін ұлғайтып, жаңа тауарларды сатылымға шығара бастаған. Демек, аздан бастау аластырмайды.

Қызметкер сапасы – шешуші фактор. Өнімді жұмыс үшін ұжымдық ұмтылыс пен қызметкер қабылеті басты рөл ойнайды. Бір қарағанда аса маңызды көрінбегенімен дәл осы қызметкер сапасы кәсіптің алға жылжуына мүмкіндік беріп, ойға алған жеңіні орындауға септестігінің ұмытпаныз. Егер қызметкеріңіз тұтынушымен дөрекі сөйлесіп, жұмысын адал атқармаса, табыс пен болашақтан құр қалдым дей беріңіз. Сондықтан кәсіптік оқу мен біліктілік арттыру курсына жаныңызға қызметкеріңізді серік етіңіз.

### ҮНЕМ ҮНЕМІ ЕСТЕ БОЛСЫН

Өзгерістерге тез бейімделу үшін икемді болуы, түрлі тәсілді пайдалану пайда әкеледі. Әрине, ешкім бала мамандықтарын жойған жоқ, бірақ мамандығыңызды көпалық болса, әртүрлі дағдыны дамытқан дұрыс. Өзіндік қорғаудың оңай бөлігін үнемдеуді ұсынады. Егер табысыңыздың 80%-ы тұрақты шығындарға кетсе, қалғанының кем дегенде жартысын бөліп, қалған жартысын өзінгіге жұмсаңыз.

Табысты дұрыс бөлуге алты құмыра әдісі көмектеседі. Бірінші құмыра жалпы бюджеттің жартысынан сәл астамын алады – 55%. Бұл ақша коммуналдық төлемдерді төлеуге, азық-түлік, дәрі-дәрмек, киім-кешек және басқа да қажет шығындарды өтеуге арналған. Шығындардың басқа түрлері сияқты сомаңыз ең көп бөлігін, мүмкіндігінше, жеке резерв қорына бөлуге де болады. Бәрі өз мүмкіндігіңізге қарай.

Ең дұрысы, қаржы жастығы 3 айдағы жалақыңыздың сомасына тең болуы керек. Ай сайын 200 мың теңге алатын болсаңыз, жұмыстан

босатылған немесе табысыңыздан айырылған жағдайда 600 мың теңге жинақтауыңыз керек. Сіз әрі қарай жүріп, осы сомаға 3 айлық тұрақты шығындарыңызды қоса аласыз. Мысалы, бұл – ай сайынғы 100 мың теңге шығын. Сонда қаржылай қауіпсіздік жастығы 900 мың теңге болады. Бұл қиын кезеңнен өтуге көмектеседі және жаңа жұмыс табу үшін жеткілікті уақыт болады.

Егер қымбат зат сатып алу немесе шетелге сапар жасау мақсаты болса, қаржы жоспарын құру оған да жетуге көмектеседі. Мақсаттың нақты болуы және жинақталуы қажет нақты мөлшерде көрсетілуі маңызды. Жоспары бар шығындар мен кірістер кестесі болған кезде, нақты уақытты сақтау оңайырақ. Бірдене дұрыс болмаса да, бәрі бақылауыңызда деген психологиялық сезім туырады. Күтпеген жағдайларда белгілі бір ақша ағындарын қайда аударуға және ақша үнемдеуге болатынын білесіз.

Сондай-ақ мамандар жеке жұмыс уақытының құнын есептеуді ұсынады. Орташа алғанда, Еңбек кодексіне сәйкес, айына 168 сағаттан аспайды. Оның қолына 168 мың теңге түсті делік, яғни оның жұмыс сағатының құны – 1000 теңге. Мәселен, бір шыны кофе сатып алып, оған ақша табу үшін қанша уақыт жұмсағаныңызды білесіз.

Сарапшының айтуынша, егер сізде әртүрлі валюталық депозиттер болса, онда негізгі ең жоғары өтімді активте болуы керек. Яғни сіз өмір сүретін валютада. Мәселен, теңгедегі депозит 13% делік. Мұндай депозитті 2 жыл бойы ұстай отырып, үстіңгі 26%, ал доллармен тек 2% аласыз. Осылайша, екі жыл бойы теңгеммен емес, доллармен депозит сақтасаңыз, қазір сіз 6% жоғалттыңыз. Ал теңгеммен ұстаса, доллар айырмасын толтыра алар еді. Иә, теңгедегі барлық жинақты дер кезінде тез алып, кейін долларға айырбастауға болатын алыпсатарлық факті бар.

Дағдылар – инвестиция. Неғұрлым көп білгеніз тұрақсыздық кезеңінде өзіндік соғұрлым сенімді сезінесіз. Өзгеретін нарықта қолдануға болатын дағдыларды дамытыңыз. Білімге инвестиция салу әрқашан сұранысқа ие.

Бетті дайындаған  
Берен ШАҒЫРӨВ



## ЖАҢАШЫЛ АУЫЛ



Жаңарған желі өзекті еді... Кеңестік кезеңде құрылған электр желісі әбден көнерген. Тозығы жеткен тоқтын ауа райының өзгерісіне қарай түрлі мәселелер шығаратыны анық. Еліміздің басым бөлігінде осындай түйткіл бар. Бюджеттің бүйірін түртіп, қомақты қаражат қажет ететін бұл жұмысқа Қызылөзекте 1 млрд 192 млн теңгенің жобасы қолға алынған. Ауыл әкімі Сәкен Әбдіжаппар елдегі бұл бағыттағы жұмыстың қарқынды екенін алға тартты.

– Көп нәрсе істеген келеді... Бірақ қаражаттың болмауы қол байлауына бар ғой, – деді алысқа көз тастаған Сәкен Нысанұлы. – Электр желісінің жаңаруына бөлінген қаржы қомақты. Қазір алғашқы 85,216 млн теңге бөлініп, бағаналар орнатыла бастады. Мәселе ең өзекті болған соң, тұрғындар қуанышын жасырмады. Өткен жылы 6,067 млн теңге қаражатқа әзірленген жоба-сметалық құжаттары бойынша жобаның жалпы құны – 1 млрд 192 млн теңге. Алдағы уақытта республикалық және облыстық бюджеттерден қалған қаржысын бөлу мәселесі қарастырылмақ.

Көптен күткен мәселенің шешімін тауып жатқанына қуанған ауыл әкімі өткен жылдың да елдегі түйіндерді тарқатуға көп күш жұмсалғанын айтты. Мәселен, 344,8 млн теңге жол жөндеу, жарықтандыру, абаттандыру, балалар ойын алаңының құрылысы, инженерлік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ 2024-2025 жылдарға өтпелі кезеңмен 1 млрд 655 млн теңгені құрайтын жобаларды жүргізу жоспарлануда.

– Жол мәселесі дегенде көп ауылдан байқайсыз, ауылдың орталығын әдемілей береді де, шеткі бөліктері қараусыз қалады. Бізде керісінше, осы шет бөліктердегі халықты ұмытпай, олар да игілікті көру керек деген ұстанымдамыз. Құны 452,114 млн теңге болатын ұзындығы 3,2 шақырым 3 көшеге жол құрылысы басталуда. Бұл жұмысты бастауға бастапқы 134 млн теңге бөлінді. Бұл көшелердің қатарында А.Құнанбаев, Қараөзек бекеті-4 көшелері, М.Жабағылы тұйығы бар. Сонымен қатар құны 4,866 млн теңгеге 1 көшеге А.Құнанбаев көшесіне түнгі жарық шамдары орнатылады. Осы ретте елді мекендегі көшелердің түнгі жарық бағаналарын күтіп ұстау жұмыстарына 20 млн 417 мың теңге қаражат қаралған. Түсіне білгенге, жұмысты үйлестіре білгенге бұл аз қаражат емес, – дейді ауыл әкімі.

Расымен, ауыл сыртындағы жүйесіз орналасқан үйлердің алдына дейін асфальт барып, халық бір жасап қалатын болды. Оны көзбен көріп, көңілге түйдік. Күннің аптап ыстығына қарамай, жолшы жігіттер шаңқай түсте де жұмыстарына қызу кіріскен.

Ауыл әкімінің қызметтік көлігімен елді мекеннің шеткі бөліктерін аралауға кірістік. – Мына жерге бұған дейін көлік кіре алмайтын. Ондай күндер де өтті. Тек өткеннің бір белгісіндей болып қалды. Қанша киналды. Ауыл техникаларының батып қалып жататын кезі аз болған жоқ. Арғын деген көшеміз осы, інім, – деді сөз басында бұл көшеге тас төселуін көп күткенін айтқан Сәкен Нысанұлы.

Бұйырғас, осы көшеден 5 млн теңгеге балалар ойын алаңы салынады деп жоспарлануда. Оған арнайылап жер де қарастырып қойыпты.

– Бауыржан, – деді әкім бас маманға бұрылып. – Ойын алаңын мына жерге салсақ қайтеді?! Жан-жағын көгертпін, тал егу үшін су бар жер керек болар. Осы жерге орналастырсақ қайтеді?! Біз салған әрбір нысанның артында болашаққа қарай отырып, жоспарланған қадамдарымыз болса дейміз. Оған не дейсің?

– Әрине, суы бар жер нұы бар жерге айналып жатса, қандай ғанибет, – деді бас маман әкімнің бастамасын қолдап.

Сыртынан қарасаң, алақандай ауылдың о шеті мен бұ шеті ат шаптырым екен. Алты жылда осы ауылдың бір баласына айналған Сәкен Нысанұлы халықтың ең өзекті деген мәселелерін шешуге елмен бірге еңбек етіп келе жатқанын айтты. Өсте, әкімі мен халқының ойы бір жерден шыққан жерде береке де болады.

– Ауылдағы өзекті мәселенің бірі Қараөзек ауылына кіре берістегі «Қожақ» автомобиль көпірі еді. Өткен жылы бюджеттен қаралған 5,212 млн теңгеге көпірді күрделі жөндеу жұмысына жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Енді мемлекеттік сараптамадан өткізілуін күтіп отырмыз. Сараптама қорытындысымен күрделі жөндеу жұмыстарына қажетті қаражат көлемі анықталған соң, қаржыландыру жөнінде республикалық бюджетке ұсыныс берілмек. Абаттандыру жұмыстары барысында Қараөзек ауылындағы «Демалыс аллеясы» абаттандыру жұмыстарын жалғастыру мақсатында қаламыздың орталық алаңынан босаған брусчаткалар әкеліп түсірілді. Мәселе барлық нәрсені жаңадан алу емес, барға қанағат етіп, оны ұқсатуда. Біздің елді мекеннің халқында осы қасиет бар, – дейді ауыл әкімі әңгіме арасында.

Ауылдың брендіне айналған картоп өнімін Сыр жұртшылығы жақсы біледі. «Қараөзектің картобы» деп базарда тұрған картоптың төресінен бәлкім, сіз де дәм татқан боларсыз. Иә, бұл ауылдың халқы еңбекқорлығымен ерекшеленіп жүр. Қол қусырып қарап отырмайды. Кетпен ұстауға ниеті бар әрбір азамат егіс алқабының басында.

– Елді мекен халқы ауыл сыртында 500 гектардың үстінде егін егеді. Оның 140 гектары картоп. Алған өнімін базарға өткізеді, басқа да жерлерге апарды. Бірақ «Қараөзектің картобы» деген жақсы атқа ие. Бұл – біздің ауылдың еңбекке адалдығы, маңдай тердің өтеуін Жер-Анадан тілеген еңбекқорлығы. Әр ауылдың осындай өзінің бренді, өзінің ерекшелігі болу керек. Біздің ауылда бәрін өзімізден шыққанын қалаймыз. Қалауымыздың арғы жағында ынта-ықыласымыз жатыр, – дейді ауыл әкімі.

Расы да сол, ынта демекші, ауыл шаруашылығы тақырыбынан алыстамайық. Бұл елді мекенде қадімгі биогумус шығарылады. Ауыл тұрғыны Рахымжан Әліп 2022 жылы «Биогумус» органикалық тыңайтқышын өндіру мақсатында «Сырдария-Көкшетау» несие серіктестігі арқылы 7 млн теңге жеңілдетілген несие алып, МТЗ-82 тракторы мен жетегін сатып алды. Міне, содан бері егінді қолға алған елдегі қажетті тыңайтқышты өздері өндіре бастады. «Калифорниялық шылаушы» алдырып, оны өсірді. Бастапқы уақытта 1 шаршы метр жерден бастаған бұл жоба қазіргі уақытта 100 шаршы метр аумақты қамтиды. Өндірген өнімін дикандар мен ағаш өсірумен айналысатын мекемелерге, негізгі бөлігін көкөніс өсіретін жеке тұрғындарға өткізуде. Қазіргі уақытта тыңайтқыштың 1 литрі – 100 теңге, 1 қапшығы 5000 теңге тұрады.

– Тамақты көп талғамайды. Екі шаршы метрден жылына бір тонна биогумуска дейін алуға болады. Жәшікті дайындағанда астына дренаж қызметін атқаратын құм салады. Сосын 1-2 см топырақ, сосын 3-5 см тамақ қалдықтары, оған соң қайтадан 1-2 см топырақ салады. Арасына жұмыртқа қабығының ұнтағын салу керек. Себебі құрттар қышқылдық ортаны ұнатпайды. Қыста жылы жерде ұстап күн жылынған кезеңде бауға немесе бақшаға жіберуге болады. Өсімдік қалдықтарының барлығымен қоректеніп, оны қара шіріндіге айналдырады. Шубалшының өнімі биогумус кез келген егін мен бау-бақшаны жайқалтып жібереді. Дикан өнімді есепте алуды. Әсіресе жылжымай егіндері мен гүлге берген өте пайдалы. Мұндай тыңайтқыш берілген жер төрт жылға дейін өзінің жоғары құнарлылығын сақтайды. Біздің бұл кәсіпті қолға алғанмызға 2-3 жыл болды. Үлкен еңбекті қажет етеді. Өнімді халық алуға. Өтуі жақсы. Биыл өзіміз қосымша

жер ашып, өнімділігін тәжірибеден өткізіп жатырмыз, – дейді шаруа қожалығының жұмысшысы Әлібек Жұманов.

Халықты кәсіпкерлікке тарту, жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту, сол арқылы жаңа жұмыс орындарын құрып, ауыл халқының табысын арттыру және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында іске асырылып жатқан «Ауыл аманаты» жобасы аясында 2023 жылдың соңында «Алихан» жеке кәсіпкерлігінің иесі Рүстем Сатыбалдыұлы 5 млн теңге несие алып, Қараөзек елді мекенінен нан-тоқаш, кондитерлік өнімдер мен жартылай фабрикаттар шығаратын шағын цех ашып, 6 адамды жұмыспен қамтыды. Кәсібін бастағанына көп болмаса да нан және кондитерлік өнімдері ауыл тұрғындары арасында үлкен сұранысқа ие болуда.

– «Нан бар жерде ән бар» дейді ғой дана халқымыз. Қазіргі таңда біз күніге 500-ден астам нан пісіреміз. Одан бөлек, ыстық тамаққа тапсырыс қабылдаймыз. Бөрек, бургер, нан кебаб, торт, түрлі кекстер мен рулеттер, тандыр нан мен тоқаш пісіріп, сусын әзірлейміз. Ауылға қажеттінің барлығын осы ел ішінен алғанға не жетсін. Бір емес, үш бірдей ауылды қамтамасыз етіп отырмыз. Елді мекендердегі дүкендер де бізден алады. Екі ауысымда 8 адам жұмыс істейді. Қазір тұрғындар үйіне қонақ келсе, қажеттінің бәрін осында тапсырады. Біз дер кезінде сапалы етіп дайындап береміз. Халықтың алғысын алып жүрміз, – дейді нан пісіруші Айнұр Ибраева.

Берекелі кәсіптің төрінде маңдай терін төгіп, еңбек етіп жүрген қанша жан бар. Шағын ауылдың өзінде 174 кәсіпкерлік нысаны жұмыс істейді. Биыл олардың қатарына 4 кәсіпкер жаңадан қосылды.

– «2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде «Микробизнес-Қызылорда» несие ұйымы арқылы 4 кәсіпкер «Іскер» бағдарламасымен 21 млн теңге, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы 1 кәсіпкер 5 млн теңге несиеге қол жеткізіп, есепті мерзімде барлығы 5 азаматтың 26 млн теңге тұратын жобасы қолдау тапты. «Ауыл аманаты» жобасы аясында 2023 жылы 1 кәсіпкер 5 млн теңге несие алып нан-тоқаш, кондитерлік өнімдер цехын ашқан болса, 2024 жылы жалпы құны 46 млн теңге тұратын 5 жоба ұсынылып отыр. Жоба бойынша пенобетон құю, балық өсіру, жылыжай салу және асыл тұқымды мал өсіру жоспарлануда, – дейді Сәкен Әбдіжаппар.

Елдің болашағы – білімді ұрпақ. Ауылдық округке қарасты үш елді мекенде үш мектеп бар. Барлығын қосқанда 616 оқушы білім алуға. Ал мектеп жанындағы шағын орталықтарда 63 бала тәрбиеленуде. Биыл мектеп бітіруші 39 түлектің 34-і ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысады. Оның ішінде 2 оқушы «Алтын белгіге», 3 оқушы «Үздік аттестатқа» үміткер. Ауыл әкімі балалардың білім алуына барлық жағдай жасалғанын жеткізді.

– Ауылымыздан талай мықты қанат қағады әлі де. Бұған дейін де мықтылар шыққан өңір. Мектептегі жас қырандарымыз көрген, тәрбиелі болып өсіп келеді. Білімнің жарқын болашаққа бастар даңғыл жол екенін ұғынған олардың алдағы уақытта да биік белестерді еңсертетініне сенеміз. Біз үшін соңымыздағы сара із – осы ұрпақ. Олардың тура жолдан тайқымайтын, биікке қанат қағатын, рухы мықты, сағы сынбайтын талантты жас болып қалыптасуына көміл сенеміз. Біз, аға буын қолдан келген бар жұмысты атқарамыз, – дейді Сәкен Нысанұлы.

Мұнда халықтың денсаулығына да барынша жағдай жасалған. Жаңа дәрігерлік амбулатория халыққа сапалы қызмет көрсетіп жүрген білікті мамандармен толықтырылған. Емдеу нысанына кіргеннен бастап-ақ, адам баласына мейірімін төгіп тұрған ақ халатты абзал жандар жылы шырай таныта қарсы алды. Патронаждық мейірбике Айсұлу Жаңабаяв мұнда барлығы 12 қызметкер жұмыс істейтінін айтты.

– Жергілікті халыққа жұмыс істейміз. Бізге қарасты екі елді мекенде екі дәрігер бар. Өзіміздің жедел-жәрдем қызметіміз жұмыс істейді. Жыл басынан о бес бала өмірге келді. Әрбір тұрғынның денсаулығына жауапкершілікпен қараймыз. Олар да ем-шараларға уақытты келеді. Осы елдің еңбектеген баласынан еңкейген қарісіне дейін біздің назарымызда, – дейді мейірбике.

Елдегі жанашырлықтың жай-жапсарын көрсеткен ауыл әкімі Сәкен Әбдіжаппар алдағы атқарылар жұмыстарға да тоқталды. Сөз арасында: «Мұның бәрін бір-ақ сөзге істер едік, қол қысқа» деп ағынан жарылды. Осымен екінші рет сайланып отырған ауыл әкімі елдің туған перзентідей болғанына қуанышты.

## ТҮЙІН

Ауыл – қазақтың қарашаңырағы, құт мекені. Осы қасиетті топырақтан түлеп, бәріміз жан-жаққа кеттік. Әрбіріміздің кеудемізде өз ауылымыз бар. Қызылөзектен қырга ұшып, қияда қалықтаған талай мықтылар да туған жерінің түтінін түзу ұшқанын қалайды. Олардың да кеуде сарайында осы қасиетті топыраққа деген ыстық сезім бар. Қонақты құдайындай сыйлайтын қаймана қазақтың ортасынан ұзап, қалаға қарай аттандық...

«Біздің ауыл осындай» деп, тындырмды тірлікті таныта білген ауыл әкімі мен бас маман Бауқен де қол болған тұр. Ауылдың ақжарқын болмысы-ай...

Дәулет ҚЫРДАН,  
Суреттерді түсірген  
Айша ӨМІРЗАҚ



Үш жарым мыңнан астам халықтың ішінде 28 жұмыссыз бар. Бұл дегеніңіз жемісті еңбектің нәтижесіндей. Елде экономикалық белсенді халық саны 1755 адам болса, оның 1137-сінің тұрақты жұмысы бар. Ал өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған саны 598-ге жеткен. Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатыстыру арқылы 26 жұмыссыз азамат қоғамдық жұмысқа жіберілсе, 2 азамат «Күміс жас» бағдарламасымен қамтылды. Ал 10 азамат тұрақты жұмысқа орналасты. Жұмыссыздар саны 28 адам, яғни, 1,6 пайыздық көрсеткішке ие. Есепті мерзімде мемлекет тарапынан 27 отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Сонымен қатар жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен әлеуметтік жағынан аз қамтылған 15 отбасына азық-түліктей және басқа да қолдау шаралары ұйымдастырылды.

Басы 1-бетте

Меншік иесі:

**СЫР МЕДИА**

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Марат АРАЛБАЕВ**

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
**Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА**

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан ӘЙІМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі: №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Атқасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4А.

Таралымы 2892 Тапсырыс №889

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН